



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№16/198
18 сәуір



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АНТАЛИЯ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ФОРУМЫНЫҢ ПАНЕЛДІК СЕССИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Анталия дипломатиялық форумының «Mapping Tomorrow, Managing Uncertainties» панелдік сессиясына қатысты. Іс-шараны Түркия Парламентінің депутаты, бұрынғы сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоглы жүргізді.

Мемлекет басшысы Түркия Режеп Тайип Ердоғанның басшылығымен халықаралық аренадағы беделін арттырып келе жатқанын айрықша атап өтті.

— Ең алдымен, көреген көшбасшы Режеп Тайип Ердоғанның жетекшілігімен Түркияның осы аймақта зор рөл атқаратынын айтқым келеді. Өңір әлсін-әлсін бетпе-бет келіп отырған өзекті мәселелердің шешімін табуға елдеріміз айтарлықтай атсалыса алады деп ойлаймын. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Президент Ердоғанның келесі айда Қазақстанға жасайтын мемлекеттік сапарына ерекше мән беріп отырғанымызды жеткізгім келеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Содан кейін Қазақстан Президенті биыл әлемдік қоғамдастық алдында тұрған және жақын перспективадағы халықаралық күн тәртібін қалыптастыратын негізгі сын-қатерлер мен үрдістер жөніндегі ой-пікірімен бөлісті.

— Дипломаттар мен саясаткерлер адамзат жолайрықта тұр дегенді мысал етеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннаның: «Біз әлі де жолайрықта тұрмыз» деп жиі айтатыны есімде. Халықаралық шиеленісті азайтуға қатысты айтар болсақ, бұл жағдай ешқашан өзгермейді. Қазіргі қақтығыстар өңірлік ауқымнан шығып, жаһандық сипатқа ие болды. Әрине, БҰҰ — баламасы жоқ әмбебап ұйым, сондықтан әрбір мемлекетке белгілі бір жауапкершілік жүктеледі. Біріккен Ұлттар Ұйымына

қолдау көрсету керек екенін жұрттың бәрі айтады. Бұл — факт. Бірақ Ұйымға қолдау көрсетіп қана қоймай, оған реформа жасау керек. Бұл да шындық. Ашығын айтқан жөн, «Ұйымға тез арада реформа жасалады» дегенге ешкім сенбейді. Өйткені БҰҰ-ны реформалау, өзгерту, қызметін қайта қарау мәселесін көптен бері көтеріп жүрміз. Одан ешқандай нәтиже шыққан жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінен басталуы керек екенін мойындауымыз қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі көшбасшылардың бойынан табылуға тиіс қасиеттерге тоқталды.

— Жаһандық көшбасшылар, әлемнің әр қиырындағы жекелеген мемлекеттердің жетекшілері, ең алдымен, халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауы қажет деп санаймын. Қазіргі сәтте стратегиялық ұстамдылық өте маңызды. Менің ойымша, бүгінгі күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы әлемдегі шиеленістердің түйінін тарқату аса қиын емес. Жай ғана жауапкершілік танытып, сабырлы болу қажет, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы ахуалға қатысты пікірін жеткізді. Президент келіссөздер барысында басты мәселелерге ден қою керек деп санайды.

— Әлемде орын алған жағдайларға байыппен қарауға кеңес берер едім. Мәселен, бәрі Иранды талқылап жатыр. Әрине, бұл елдегі ахуал өте күрделі. Оған қатысты қандай да бір пікір айту қиын. Қазақстан Шығынақтағы елдерге тілектестігін білдірді. Біз тараптарды стратегиялық ұстамдылыққа және әскери іс-қимылды тоқтатуға шақырдық. Бұл қақтығыстың ауыр салдарын бәрі сезінді. Ең әуелі экономика құлдырады. Бүгінде Ормуз бұғазында кемелердің еркін

жүзуіне қойылған тосқауыл туралы айтылып жатыр. Бірақ дәліздің қақтығысқа дейін еркін сауда жасауға ашық болғанын ескеру қажет. Сондықтан мәселенің мәніне үңілгеніміз жөн. Ал түйткіл ядролық технология мен ядролық қарудың таралуында еді. Бұл Иран төңірегіндегі қақтығысқа қатысты келіссөздердің басты тақырыбына айналуы керек. Бірақ қазір жаһандық сауда мәселесін талқылауға көшіп кеттік. Қиындықтарға қарамастан, ғаламдық сауда-саттық көлемі өсіп келеді. Былтырдың өзінде өсім 2,5 пайызды құрады. Яғни әлемдік саудадағы жағдай жаман емес. Алайда сауда-саттықтың сапасы мен мазмұны — үлкен проблема, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау мәселесіне жауапкершілікпен қарауға шақырды. Сонымен қатар Қауіпсіздік Кеңесі тұрақты мүшелерінің ұстанымын Ұйымдағы дағдарыстың басты себептерінің бірі ретінде атады.

— Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау туралы айтқанда, барынша прагматикалық көзқарас ұстануымыз керек деп санаймын. Әйтпесе, алдағы уақытта да жолайрық, стратегиялық құндылықтар мен басқа мәселелер жайында айта береміз. Біз жаһандық, өңірлік кездесулер, конференциялар мен түрлі жиындар өткіземіз. Қазақстан және Түркия сияқты орта державалардың маңызы мен оң ықпалын атап өткім келеді. Әрине, әлемде бізге ешкім тең келмейді деп мақтанудан аулақпын. Бірақ жаһандық үдерістерде жоғары деңгейде жауапкершілік танытып жүрміз. Мұны дипломатиялық іс-әрекетіміз көрсетіп отыр. Сондықтан жаһандық мәселелердің шешіміне жиі қарсы келетін Қауіпсіздік Кеңесіндегі ірі державалардан гөрі орта державалардың жауапкершілігі жоғары десек, артық

болмайды, — деді Мемлекет басшысы.

Келесі сұрақты қояр алдында Мевлют Чавушоглы Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиядағы тәжірибесінің мол екеніне назар аударды.

— Президент Тоқаев — халықаралық жүйені, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымын өте жақсы білетін әлемдік көшбасшылардың бірі. Ол БҰҰ Бас хатшысының орынбасары лауазымында қызмет еткенін білесіздер. Сол уақытта мен Еуропа Кеңесі Парламенттік ассамблеясының төрағасы болдым. Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас Қазақстан халқының игілігі жолында аянбай еңбек ете жүріп, халықаралық жүйенің тиімділігін барынша арттыруға үлес қосып келеді, — деді модератор.

Мемлекет басшысы БҰҰ мен басқа да халықаралық институттарды жетілдіру жөніндегі ойымен бөлісті.

— Біз өңірлік және жаһандық қақтығыстарды талқылаймыз. Алайда Сіз Түркияның бұрынғы сыртқы істер министрі ретінде келіссөздер БҰҰ мен басқа да ірі халықаралық ұйымдар алаңында емес, одан тысқары жерлерде өтіп жатқанын аңғарған шығарсыз. Тараптар БҰҰ-да емес, белгілі бір елдердің астаналарында, жекелеген конференц-залдарда кездеседі. БҰҰ жоғары өкілдерінің қақтығыстарға араағайындық жасағанын көре бермейміз. Бұл ойланатын мәселе. Демек БҰҰ-ның рөлі төмендеп кетті деген сөз. Мен оған қатты алаңдаймын. Өйткені өзім де БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдарда қызмет еттім. Қазір жұрт келесі БҰҰ Бас хатшысы кім болады деген тақырыпты талқылап жатыр. Менің ойымша, бұл аса маңызды емес. Ең басты түйткіл, ұйым қазіргі күйінде әрі қарай қызметін жалғастыра ала ма? — деді Президент.

Толығырақ akorda.kz сайтында

АБАЙДА ӨТКЕН ОБЛЫСТЫҚ АГРОКЕҢЕС



Жылдағыдай көктемгі егіс қарсаңындағы облыстық агрокеңес Абай қаласында өтіп, оған облыс аудандары мен ауылдары әкімдері, агроқұрылым басшылары, сақтандыру, қаржыландыру ұйымдарының өкілдері қатысты.

Агрокеңес басталар алдында облыс әкімі Ермағанбет Қабдулаұлы Бөлекпаев пен осы жиынға арнайы келген республика Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сиражитдинұлы Сұлтанов осы Абай қаласында «Alisha Group» ЖШС ет өңдеу кәсіпорнының ашылуында болып, Мәдениет үйі алдындағы ауыл шаруашылығы техникаларының көрмесімен танысты.



Бұдан кейін Мәдениет үйінде болған агрокеңесті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ашып, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов республика бойынша биылғы көктемгі егіс науқанына дайындық барысы жайлы баяндап, оны

уақытында және ұйымдасқан түрде өткізу шараларына тоқталды.

Жарыссөзде облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Әнуар Түлюбеков, Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов, облыстық Гидрометеорология орталығының директоры Нұрлан Шахарбаев, «Қазагроқаржы» АҚ облыстық бөлімшесінің басшысы Ринат Қабен және тағы басқалар сөйлеп, алдағы көктемгі егіс науқанына әзірлік, осы науқанның минералдық тыңайтқыштар, тұқым мен техника, жанар-жағар маймен қамтамасыз етілуі жайын сөз етті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қойылған сұрақтарға тиісті жауап

тар беріліп, облыстық агрокеңесті Ермағанбет Қабдулаұлы қорытындылады. Облыстық агрокеңес туралы газетіміздің келесі санынан толық оқисыздар.

Ortalyq Qazaqstan»



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ИНЖЕНЕРЛІК БІЛІМНІҢ БОЛАШАҒЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қарағанды индустриялық университетінде «Адам капиталын, техникалық білімді, инженерлік ғылымды және инновацияларды дамыту – мемлекеттің стратегиялық бағыты» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында екі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Оның бірі ғылыми және білім беру байланыстарын дамыту мақсатында Германиядағы Constructor University университетімен жасалды.

Екіншісі – «Таза Қазақстан» ұлттық экожобасы аясында экология департаменті мен «Гордорсервис-Т» компаниясының қатысуымен рәсімделді.

Конференция Қазақстанның Ұлттық инженерлік академиясының қолдауымен ұйымдастырылды.

Оқу орнында сондай-ақ білім беру мен ғылымды дамытуға арналған жаңа кеңістіктер ашылды: Intellect Media Hub студиясы және студенттердің тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретін екі

заманауи зертхана.

Жалпы, конференция білім, ғылым және инновацияларды дамыту мәселелеріне арналды. Пленарлық отырыста шақырылған сарапшылар сөз сөйлеп, инженерлік білімді жетілдіру, жаңа технологияларды енгізу және ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту жолдарын талқылады.

Конференция жұмысы секциялық отырыстармен жалғасты. Барлығы әртүрлі бағыттар бойынша 200-ден астам баяндама ұсынылды – нанотехнологиялардан бастап экология мен цифрлық шешімдерге дейін. Алғаш рет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қоғамдағы адалдықтың маңызына арналған секция ұйымдастырылды.

Кездесудің маңызды бөлігі ғалымдар мен университет қызметкерлерін жетістіктері үшін марапаттау рәсімі болды.

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз орталығы

ДАЙЫНДЫҚ ҚАРҚЫНЫНЫҢ ҮРДІСІ



Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің намысын қорғайтын 06708 әскери бөлімінің «Жас зенбірекші» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері XII Халықаралық «Айбын-2026» әскери-патриоттық жастар жиынына қатысуға тыңғылықты дайындалуда. 10 ұл мен 5 қыздан жасақталған тәрбиеленушілер клуб жетекшісі Т.Кенжебековтың басшылық етуімен күнделікті жаттығуды назардан тыс қалдырмай келеді. Жаттығуға белгіленген ережеге сай әскерлендірілген кросс, әскери эстафета, сонымен қатар АК-74

атыс қаруын асқан жылдамдықпен жартылай бұзу мен жинауға аса мән беріледі.

Дайындықты өткізудің сапасын жақсарту барысында 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Д.А. Шариповтың тарапынан тәрбиеленушілердің жаттығу жасауларына барлық жағдай жасалып, үнемі қолдау көрсетіліп жүр.

Дәл осы қарқындарынан таймаса, клуб тәрбиеленушілері жас патриоттар бас қосқан сында жүлделі орындарға қол жеткізеді деген сенімдеміз!

Думан Жұмашұлы Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК - БАСТЫ НАЗАРДА!!!



Қалалық мәслихат депутаттары шомылу маусымына дайындық барысымен танысу мақсатында қалалық төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағының жұмысын зерделеді. Олар мекеменің материалдық-техникалық базасын қарап, шомылу маусымы кезеңінде туындауы мүмкін қауіптер мен олардың алдын алу шараларын талқылады. Қаладағы жедел-құтқару жасағының қызметі жан-жақты таныстырылды.

баяндама жасап, атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат берді. Алдағы уақытта құтқару пунктін ашу жоспарлануда. Онда үш жұмыс орны қарастырылып, контейнер ішіндегі әрбір бөлме полиция, медицина және құтқару қызметкерлерінің кезекшілік етуіне лайықталып жабдықталады. Қазіргі таңда бұл орындарды қажетті жиһазбен қамтамасыз ету мәселесі қарастырылуда. Депутаттар жағажайдағы құтқару пунктіннің жұмы-



Қазіргі таңда құтқарушылар штаты толық жасақталған, құрамында 14 маман бар. Сонымен қатар, штаттағы медбике барлық қажетті құралдармен қамтамасыз етіліп, төтенше жағдай кезінде жедел медициналық көмек көрсетуге әзір. Құтқару жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мақсатында материалдық-техникалық база едәуір нығайтылған. Атап айтқанда, жаңа үлгідегі гидрокостюмдер, эхолот аппараты және өзге де қажетті жабдықтармен толықтырылған. Сүнгіуірлерді даярлау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, күнделікті рейдтік іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылуда.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы А. Қасқатаев шомылу маусымына дайындық барысы туралы

сымен танысып, оны белгіленген мерзімде іске қосу және қызметкерлер құрамын нақтылау қажеттігін атап өтті. Жағалау қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында депутаттар жағажай аумағында жүзу аймағын нақты айқындайтын бұйларды орнатуды ұсынды. Сонымен қатар, шомылушылардың қауіпсіздігін күшейту үшін дабыл жүйесін (сирена) қосу мәселесін қарастыру қажеттігі айтылды. Жиын барысында материалдық қолдау мен қаржыландыру мәселелері де назардан тыс қалмады. №1 жағажайды қосымша техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету қажеттілігі көтеріліп, осы мақсатта қосымша қаражат бөлу мәселесі талқыланды.

Приозерск қалалық мәслихаты



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ ӘКІМШІЛІК ҒИМАРАТЫНДА ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Приозерск қалалық мәслихатының депутаттары Ағыбай батыр көшесіндегі әкімшілік ғимаратында жүргізіліп жатқан жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты. Аталған құрылысты «Норвек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізуде. Сметалық құжаттамаға сәйкес нысанда кешенді жаңғырту және жөндеу жұмыстары қарастырылған. Сыртқы жұмыстар аясында ғимараттың сыртқы беті қапталды. Сонымен қатар, су желісі тартылып, электр жүйелері толық ауыстырылды, жылу жүйелері қалпына келтірілді. Сондай-ақ алюминий профильден кіреберіс орнатылып, пандус жасалды және мүмкіндігі шектеулі

жандарға қолайлы жағдай жасалды. Ішкі жұмыстар бойынша да ауқымды жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, қабырғалар түзетіліп, қапталды, еденге ламинат және кафель төселді, есіктер орнатылды. Қазіргі таңда 2-ші қабат толықтай аяқталды, ал 1-ші қабаттағы жұмыстар аяқталуға жақын. Нысанды аяқтау мерзімі 2026 жылғы 30 маусымға жоспарланған. Бұл ғимаратта жергілікті атқарушы мемлекеттік органдар орналастырылатын болады. Осыған байланысты олардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін нысанды уақытылы аяқтау ұсынылды.

Приозерск қалалық мәслихаты



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІК ӨТУДЕ



Приозерск қаласында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ауқымды жалпықалалық сенбілік ұйымдастырылуда.

Іс-шараға мемлекеттік мекеме қызметкерлері, әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының өкілдері, азаматтық және коммуналдық сала қызметкерлері, сондай-ақ қала тұрғындары белсенді қатысып, қаланың тазалығы мен көркеюіне өз үлестерін қосуда.

Сенбілік барысында қала аумағындағы көшелер, саябақтар мен аулалар тазартылып, қоқыстар шығарылып, жасыл аймақтар абаттандырылуда.

Іс-шараның басты мақсаты — қор-

шаған ортаны қорғау, қаланы көгалдандыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Әскери қызметшілер бұл бастамаға белсенді қатысып, қала аумағын жасылдандыруға өз үлестерін қосуда.

Мұндай игі бастамалар қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және туған жерге деген жанашырлықты арттыруға бағытталған.

Барша қала тұрғындарын тазалық акциясына белсене қатысуға шақырамыз!

Таза қала — әрқайсымыздың ортақ міндетіміз!

[facebook.com/
priozersk.akimdigi](https://facebook.com/priozersk.akimdigi)

ПРИОЗЕРСКТЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕГІ ҚАЗАҚ КҮРЕСІ ТУРНИРІ ӨТТІ



Приозерск қаласында белгілі қоғам қайраткері, спорт жанашыры Алмас Серікұлы Байдельдиновты еске алуға арналған қазақ күресінен кіші жасөспірімдер арасындағы республикалық турнир жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Жамбыл және Ақмола облыстары, сондай-ақ Балқаш, Шахтинск, Приозерск қалалары мен өзге де аудандардан командалар келді.

Жарыс барысында жас балуандардың қайсарлығы, төзімділігі мен жеңіске деген ұмтылысы айқын бай



Іс-шара салтанатты түрде Мемлекеттік Әнұранмен ашылып, құрметті қонақтар жас спортшыларға ізгі тілектерін арнады. Кештің көркін «Жорға» би тобының мың бұрала биі аша түсіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Боз кілемге шыққан 2014–2015 жылы туған жас балуандар тартысты белдесулер өткізіп, өзара мықтыны анықтады. Жалпы саны 200-ге жуық спортшы қатысқан додаға еліміздің әр өңірінен, соның ішінде Астана, Алматы, Қарағанды қалалары,

қалды. Әр белдесу көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Турнир қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ, бапкерлерге қаржылай сертификаттар табысталды.

Аталған турнир — ұлттық спортты дәріптеп, жас ұрпақты салауатты өмір салтына баулуға бағытталған маңызды шаралардың бірі.

*Приозерск қаласы әкімдігінің
баспасөз орталығы*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №16/198, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.